

## Керімбаев Е.Ә.<sup>1</sup>, Шарыпқазы Н.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>2 курс докторанты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: kerimbay.erzhan@gmail.com

<sup>2</sup>қытайтану кафедрасының аға оқытушысы,  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.,  
e-mail: nuriknaiman16@gmail.com

### ҚЫТАЙДЫҢ СЫРТҚЫ САЯСАТЫНДАҒЫ ТІЛДІҢ РӨЛІ

Мақалада ҚХР-дың сыртқы саясатындағы қытай тілінің алатын орны мен маңыздылығы айқындалған. Қытай өзінің «жұмсақ күш» саясатын жүргізде негізгі құралы ретінде қытай тіліне қаншалықты басымдық беріп отырғаны ашықталған. ҚХР-дың сыртқы тілдік саясатының қалыптасуы мен оның негізгі формалары мен бағыт-бағдары қарастырылған.

**Түйін сөздер:** қытай тілі, тілдік саясат, лингвистикалық стратегия, жұмсақ күш.

<sup>1</sup>Kerimbaev E.A. <sup>2</sup>Sharypkazy N.

<sup>1</sup>second year doctoral student Al-Farabi Kazakh National University,  
Kazakhstan, Almaty, e-mail: kerimbay.erzhan@gmail.com

<sup>2</sup>lecturer of the department of Sinology Al-Farabi Kazakh National University,  
Kazakhstan, Almaty, e-mail: nuriknaiman16@gmail.com

### The Place and Importance of the Chinese Language in China's Foreign Policy

The article considers the place and significance of the Chinese language in China's foreign policy. An assessment is made of how much China is paying attention to its language, as the main component of the "soft power" policy. The formation of the international language policy of China, its basic forms and directions is considered.

**Key words:** Chinese language, language policy, linguistic strategy, soft power.

Керімбаев Е.А.<sup>1</sup>, Шарипқазы Н.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>докторант 2 курса, Казахский национальный университет имени аль-Фараби,  
Казахстан, г. Алматы, e-mail: kerimbay.erzhan@gmail.com

<sup>2</sup>преподаватель кафедры китаеведения,  
Казахский национальный университет имени аль-Фараби,  
Казахстан, г. Алматы, e-mail: nuriknaiman16@gmail.com

### Место и значение китайского языка во внешней политике Китая

В статье рассматриваются место и значение китайского языка во внешней политике Китая. Дается оценка, насколько Китай делает акцент на свой язык, как основному компоненту политики «мягкой силы». Изучено формирование внешней языковой политики Китая, его основные формы и направления.

**Ключевые слова:** китайский язык, языковая политика, лингвистическая стратегия, мягкая сила.

### Кіріспе

XXI ғасырдағы түрлі елдер мен аймақтар арасындағы бір-біріне деген тәуелділігінің артуы мен мәдениеттердің бір-бірімен араласуы жағдайында, заманауи халықаралық қатынастардың

дамуына лингвистикалық фактордың ықпалы күннен-күнге артып отыр. Әлемдік саясаттағы лингвистикалық өлшемнің негізгі категориясы халықаралық аренадағы өз ықпалын күшейту мақсатында өз тілін таратуға бағытталған белгілі бір мемлекеттің тілдік саясаты.

### Негізгі бөлім

Бүгінгі әлемде өзіндік жаһандық тілдік тәртіп қалыптасқан, оған сәйкес ағылшын, испан, француз, араб, орыс, неміс сияқты басым тілдер халықаралық қарым-қатынас тілдері болып отыр және белгілі аймақтарға таралып, ықпалын жүргізуде. Сонымен қатар, көптеген елдер тілдік жақындықтың негізінде интеграциялық жоспарлар құруда. Оған панарабизм, пантюркизм, панславянизм идеяларын жатқызуға болады. Көп жағдайда мемлекеттердің бірігуі белгілі бір тілдің таралу ауқымына сәйкес гуманитарлық немесе саяси мақсаттардан туындап жатады. Ерекше танымалдылары ретінде франкофония, испанофония, русофония, лузофония, угрофония сияқты қозғалыстарды атап кетуге болады.

Олар көбінесе мемлекеттердің саяси-географиялық, саяси-мәдени бірлестіктері немесе үкіметтік емес ұйымдар ретінде танымал. Мұндай бірлестіктер мен құрылымдарда сол тілдің иесі болып саналатын елдер жетекші рөл атқарады. Мысалы, франкофонияда Франция, испанофонияда Испания, русофонияда Ресей, лузофонияда Португалия елдері. Кейбір елдер өз тілдерін әлемдік деңгейде таратуға күш салып отыр. Сол арқылы халықаралық аренада өздерінің саяси немесе мәдени ықпалының күшейуін, әлемде өз позициясы мен беделінің артуын көздеп отыр (1).

Тілдік саясатқа қатысты мәселелерді шешу үшін құрылған мемлекеттік мекемелер көп. Негізгі категория ретінде «мемлекеттік мүдде» деген түсінікті алға тартып отырған кез келген мемлекет, өзінің тілдік саясатын құру барысында да мүддені бірінші орынға шығарады. Белгілі бір мемлекеттің ұлттық-тілдік саясатын түзу барысында азсанды тілдік қоғамға, оның тілі мен мәдениетіне деген құрметке негізделген Европалық Хартияның принциптерін сақтау керек екеніне қарамастан, көп жағдайда мұндай мекемелер мен ұйымдар мемлекеттік мүдде шеңберінде қатаң позиция ұстанады.

Тілдік саясат – тілді дамыту мен қолданысқа енгізуге бағытталған мемлекет пен жалпы қоғамның саналы да мақсатты түрде жүргізіп отырған іс-әрекеті. Оған тілдік нормалардың функционалды таралуын өзгертуге немесе сақтап қалуға бағытталған амалдардың жиынтығын да жатқызуға болады (2).

Тілдік саясат пен тілдік жоспарлау қай кезде болмасын ішкі және сыртқы саясаттағы бірқатар мәселелерді шешуде тиімді құрал болған және бүгінгі жаһандану жағдайында оның маңызы еселене түсті.

Соңғы жылдары сыртқы тілдік саясат мәселесінің өзектілігі күннен-күнге артып келеді және де мемлекеттердің осы бағытта жасап жатқан жекелеген әрекеттерінің орнын мақсатты түрде жан-жақты жоспарланған сыртқы тілдік саясат басып отыр. Тілдік саясаттың мақсатын, субъектілері мен құралдарын, тетіктерін, сонымен қатар оның күннен-күнге кең қолданыла бастаған «жұмсақ күш» концепциясымен арақатынасын қарастыру бүгінгі күні зерттеудің қызықты да маңызды объектісіне айналып отыр.

Қазіргі заманғы геосаяси жағдайда осы салаға қатысты ҚХР-дың саясаты бүкіл әлемнің назарын өзіне аударып отыр.

Сондықтан ҚХР тілдік жығыдайы мен тілдік саясатын саяси тұрғыдан қарастыру үлкен ғылыми маңызға ие. Біз бұл мақалада Қытайдың «жұмсақ күш» саясатындағы тілдің орны мен маңыздылығын қарастыруға тырыстық.

XXI ғасырдағы халықаралық қатынастардың бір ерекшелігі дамыған елдердің өзінің ұзақ мерзімдік халықаралық стратегиясын жүзеге асыру үшін жұмсақ күш тәсілін қолдануынан байқалады. Мұны соңғы кезде қарқынды дамыған Қытай мемлекетінен анық аңғаруға болады.

Қытайдың соңғы жылдары қарқынды дамуы, әсіресе әскери қаражатының жыл сайын артуы басқалардың күдік-күмәнін тудырып, «Қытай қаупі» деген мәселе көтерілді. Соған байланысты Қытай әлемнің өзіне деген күдігін сейілтуді және өзара сенімді қатынас орнатуды маңызды орынға қойып отыр (Кәріпжанов Ж., Мұқаметханұлы Н, 2013: 62).

Бұған дейін «Қытай қаупі» дегенде көбінесе оның демографиялық қысымы назарға алынатын. Кейін келе Қытай экономикасының қарқынды дамуына байланысты әлем оның экономикалық экспансия жасауынан үрейлене бастады. Ал Қытайдың әлеуметтік комплексті қуатының өсуі одан қауіптенуге негіз болды.

Қытайдың әскери және экономикалық потенциалының артуы әлемде бұрыннан қалыптасқан күштердің балансын өзгертті. Сондықтан ҚХР үкіметі әлемге «қытай қаупі» болмайтынын айттып, «Қытайдың бейбіт өрлеуі» ешкімге қатер төндірмейтінін насихаттап, Қытайдың бейбітшіл ел екендігіне сендіру үшін жұмсақ күш тәсілдерін қолдануды жөн санады.

Қытай өзінің бай тарихи, рухани, мәдени мұрасы мен қазіргі таңдағы әлеуметтік-экономикалық дамуына, аса зор қаржылық байлығына арқа сүйей отырып, өздері жөнінде қалыптасқан көзқарасты өзгертіп, әлемді шарпыған батыс-

тың мәдени ықпалын тежеуге немесе онымен бәсекелесуге өзінің ұлттық мәдениетін әлемге шығарды.

ҚХР төрағасы Си Цинпин бір сөзінде «Қытай қай кезде болса да даналық пен ақыл-ой күшін өзінің дәстүрлі мәдениетінен алады; біздің мемлекетіміз бүкіл әлемнің алдында күш-қуатқа ие ел ретінде танылып, өз күшіне деген сенімі зор болуы керек. Кез келген нәрсені батыстың құндылықтарымен өлшеп, соған ыңғайлана бермеуіміз керек. «Ортадан оқшауланбай, онымен тіл табыса білу» принципіне сәйкес өз мәдениетіміз бен көзқарастарымызды насихаттағанымыз абзал» (4) деген-ді.

2007 жылы ҚКП ОК бас хатшысы, ҚХР төрағасы Ху Цзиньтао ҚКП-ның XVII съезінде ҚКП «қытай халқының төл мәдениетін, оның құқығы мен мүдделерін сақтау үшін Қытайдың жұмсақ күшінің бір бөлшегі ретінде мәдениеттің рөлін арттыру керек» [5] деп атап көрсетті. Ол қазіргі әлемде түрлі мәдениеттер қақтығысқанда өз елінің мәдениетін, оның қайталанбас бірегейлігін дамыту қажет (6) деп санады. Осы съезде ҚКП мәдениеттің жұмсақ күш әлеуетін арттыру міндетін алға қойды.

«Жұмсақ күш» колдануда Қытай үкіметі ұлттық тілі мен мәдениетін әлемге тарату арқылы мақсатқа жетуді көздеді. Оның бұл саясатын әлем елдерінің онай әрі тез қабылдауының басты себебі, Қытайдың экономикалық ықпалының әлемде арта түсуінде, сондай-ақ бүкіл дүние жүзіндегі елдермен сауда-экономикалық байланыстарының дамуы мен өзара мүдделілігінің артуында. Сондықтан әлем елдерінің Қытайға деген қызығушылығы артты, оның тілі мен тарихи мәдениетін білуге немесе қытайтануға ынтасы күшейді.

Қытай үкіметінің «жұмсақ күш» саясатының құрамдас бөлігі және ең мықты құралдарының бірі тілдік фактор болып отыр. Тек қана өз ішінде ғана емес, сонымен қатар сыртқы да бағытталған тілдік саясат мемлекеттің сыртқы саясатындағы мәселелерді шешетін тиімді амалдардың бірі. Қазіргі таңда ол ҚХР-дың халықаралық жағдайына әсер ете алатын және өзінің шет әлемдегі жағымды бет-бейнесін қалыптастыратын негізгі тетіктерінің біріне айналды (7 Завьялова О, 2015: 116-119).

Өзінің ішкі тілдік мәселелерін шешу және қытай тілін шет елдерге таратуға бағытталған сыртқы саяси міндеттерді орындау ҚХР тілдік саясатының негізгі компоненттері болып отыр.

ҚХР үкіметі «жұмсақ күш» колдануда кездесетін түрлі амалдар мен іс-әрекеттердің ішінде

қытай тілі мен мәдениетіне үлкен күш салуының бірнеше себебі бар.

Біріншіден, экономикада жеткен жетістіктері мен Қытайдың ықпалды және дамыған мемлекеттердің біріне айналуы бүкіл әлемде Қытай мемлекетіне, оның мәдениетіне, тарихына, салт-дәстүріне деген үлкен қызығушылыққа алып келді. Халықаралық қауымдастықтың Қытайға назарының аууы әлемнің көптеген мемлекеттерінде қытай тілін оқып-үйренуге ұласты.

Екіншіден, 2008 жылғы жазғы Олимпиада ойындары, 2010 жылғы ЭКСПО көрмесі сияқты әлемдік деңгейдегі өте ауқымды шаралардың Қытайда көптеп ұйымдастырылуы да қытай тілін оқып-үйренуге ынталандырды. Яғни, қытай тіліне және қытай тілінен аударма жасай алатын мамандарға деген сұраныс күрт артты (Андреева Т.Л., Керн К.Н, 2017: 25-29).

Үшіншіден, шетел азаматтарының қытай тілін оқуға деген қызығушылығының артуы және оның әлемге тез таралуына ықпал еткен тағы бір маңызды фактор, ҚХР мықты лингвистикалық инфрақұрылымның қалыптасуы болды. Яғни, шетелдік студенттерге арналған халықаралық білім беру институттарын ұйымдастыру, басқа мемлекеттерден студенттер тартуға арналған шәкіртақы тағайындайтын бағдарламалар ұсыну және тіл меңгерудің барлық деңгейіне лайықталған қытай тілін оқытатын түрлі бағдарламалар түзу. Мысалы, 2014-2015 жылдары Қытайға білім алуға келген шетелдік студенттердің саны 377 мыңнан асты. Ол дегеніміз, бүкіл Азия мемлекеттерінде оқып жатқан шетелдік студенттердің 59 % құрады (9).

Төртіншіден, қазіргі заманғы Қытайдың жеткен жетістіктері мен оның бүгінгі күнгі ішкі-сыртқы саясатында болып жатқан өзгерістер әлемдік ғалымдардың назарын өзіне аударып отыр. Бүкіл әлемде тікелей Қытайдың мәселесін зерттеумен айналысатын зерттеуші-ғалымдардың саны өсті. Яғни, бұл да қытай тілін оқып-үйренуге деген мұқтаждықты арттырады (8).

Бесіншіден, көптеген адамдар үшін қытай тілін оқып-үйрену табысты мансапқа қол жеткізу мен жақсы жұмыс табудың бір факторына айналды. Қытай тілін оқыту мен оны оқып-үйрену әсіресе ҚХР-мен сауда-экономикалық серіктестікті қарқынды дамытып жатқан және ұзақ мерзімдік ынтымақтастықты жолға қойып отырған мемлекеттерде тез етек алуда. Оның ішінде Ресей, АҚШ, Корея Республикасы, Жапониямен қатар Қазақстан Республикасын да атап кетуге болады. Тіпті Шығыс және Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттерінде, экспорт-импортпен

айналысатын кейбір компаниялар қытай тілін білуді жұмысқа қабылдаудағы маңызды критерийлардың бірі ретінде кіргізіп отыр (10).

2013 жылы АҚШ-тың Денвер университетінде Конфуций институты ашылған кезде ҚКП ОК бас хатшысы, ҚХР төрағасы Си Цзиньпин университет ректорына құттықтау хат жолдады. 2014 жылдың ақпан айында Пакистанның Файсалабад ауылшаруашылық университетіндегі Конфуций институтының ашылу салтанатына ҚХР төрағасы өзі келіп қатысты. Осы жылдың мамыр айында Берлин қаласында Си Цзиньпин неміс қытайтанушылары мен Германиядағы Конфуций институттарының оқытушыларымен және институт тыңдаушыларымен кездесу өткізіп, Қытай мен Германия арасындағы мәдени-тілдік қарым-қатынасты одан ары нығайту туралы әңгіме-дүкен құрды. Осы кездесуде ҚХР төрағасы «қарым-қатынас жасаудың ең маңызды құралы тіл, кез келген елдің мәдениеті мен халықтың тартымдылығы негізінен тілдің көмегімен беріледі» деді. Осыдан-ақ қазіргі ҚХР үкіметінің шетелдегі имиджін қалыптастыруда қытай тілі мен мәдениетіне қаншалықты көңіл бөліп отырғанын көруге болады (11).

Алайда, қытай тілін шет елдерге таратуға бағытталған белсенді тілдік саясаттың негізі өткен ғасырдың өзінде-ақ қалана бастаған еді. Дэн Сяопиннің басшылығымен XX ғасырдың 70-жылдарының аяғында басталған «ашық есік» саясаты Қытай тарихындағы маңызды кезең болды. Осы кездің өзінде-ақ бір стандарттарға келтірілген қытай тілі «путунхуа» Қытай мемлекетінен сырт жерге таратыла бастады. 1982 жылы Халықаралық стандартизациялау ұйымы (ISO) пиньиньді қытай тілінің халықаралық жалпыға ортақ транскрипциясы ретінде бекітті. 1984 жылы Қытай тілі мемлекеттік Кеңесін (қытай тілінде қысқартылып «Ханьбань» деп аталады) құрды, бұл ҚХР Білім министрлігіне қарайтын құзырлы мекеме, дүние жүзінде қытай тілін оқыту және соған қатысты саясатын жүзеге асыратын басқарма. 1992 жылы қытай тілін шет тілі ретінде деңгейін анықтайтын емтихан HSK құрылды (12).

2002 жылы ҚХР-дың Білім министрлігіне қарайтын «Ханьбань» Сыртқы істер министрлігінің қолдауымен әлемнің әр елінде Конфуций институттарын құруды қолға алды. Екі жылдан кейін ҚКП ОК XVI съезінің 4-ші пленумында ҚХР Білім министрлігі мен «Ханьбань» дайындаған Жоба таныстырылып, оларға шет елдерде қытай тілі мен мәдениетін насихаттау міндеті жүктелді. Алғашқы Конфуций институты

2004 жылы Оңтүстік Кореяның астанасы Сеул қаласында ресми түрде ашылды.

Конфуций институты Қытайдың шет елдерде өзінің мәдениеті мен тілін таратудағы гуманитарлық саладағы ең сәтті шыққан халықаралық жобаларының бірі болды. Бұған дейін әлемде өз жұмыстарын жүргізіп отырған испандық Сервантес институты мен немістің Гете институты сияқты Қытай өз институттарына Ұлы ойшылдың есімін берді.

«Жобаның Конфуцийдің есімімен аталуында мән бар. Біздің заманымызға дейінгі 6-5 ғасырда өмір сүрген Конфуций (Кун Цзы) – қытайдың ұлы ойшылы және ағартушысы, қытай дәстүрлі рухани мәдениетінің негізін қалаған философиялық мектепті қалыптастырушы. Бүкіл әлемнің құрметіне бөленіп отырған бұл есім, қытай мәдениеті мен тілінің мәңгілігінің және бірегейлігінің символына айналды» деп түсіндіреді Конфуций институтының ресми сайтында.

«Ханьбаньның» мәліметіне жүгінсек, әлемдегі қытай тілін оқитын адамдардың саны 2004 жылдан 2014 жылға дейінгі аралықта 30 миллионнан 100 миллионға дейін өскен. Қазіргі таңда әлемнің 134 елінде Конфуций институттары белсенді түрде қытай тілі мен мәдениетін оқытумен шұғылдануда. Олардың білім беру жұмысы Қытайдың сыртқы саясатын атқарумен байланыстырылған. Қытай мен Конфуций институттары орналасқан елдердің арасындағы білім беру және мәдени алмасу саласындағы ынтымақтастық қатынастарды қалыптастыру мен дамытуға, тіпті екі ел кәсіпорындары арасында байланыстарға дәнекер болу миссиясын да қоса атқарып, Қытай жөнінде жағымды көзқарастар қалыптастыруда маңызды рөл атқарып келеді. Олар мәдени дипломатияны дамытып, Қытайдың ұлы державалық позициясын нығайтуға үлес қосуда. Сондықтан Қытай үкіметі Конфуций институттары мен Конфуций кластарын көптеп ашуды тиімді жалғастырып келеді. Қазірдің өзінде Конфуций институттары мен кластарының жалпы саны 1500-ге жетіп, басқа мемлекеттердің тіл оқыту институттарын саны жағынан артта қалдырды (10).

Бүкіл әлемде Қытайды тануға және Қытайды түсінуге, Қытай мен басқа елдер арасындағы достық қарым-қатынастардың дамуына ықпал ету – Конфуций институттарының қызметі. Мұнан бөлек, институттың қызметіне:

– қытай тілі мен мәдениеті бойынша түрлі курстар ұйымдастыру;

– Қытайға арналған түрлі ғылыми конференциялар мен семинарлар өткізу;

– түрлі сайыстар мен іс-шаралар өткізу арқылы қытай тілі мен мәдениетінің танымалдығын арттыру;

– қытай тілінің деңгейін анықтайтын квалификациялық HSK тестін өткізу;

– қытай тілі бойынша түрлі оқулықтар мен оқу құралдарын шығаруға атсалысу;

– Қытайда өтетін студенттер мен оқытушыларға арналған түрлі стажировкалар ұйымдастыру және Қытайда оқу бойынша ақыл-кеңес беру (О.И. Завьялова, 2009: 492–499).

Қазіргі кезде Қазақстанда да бес бірдей Конфуций институты жұмыс істеп жатыр. Олар – Алматыда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Астанада Гумилев атындағы ЕҰУ, сондай-ақ Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті, Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық университеттің және жақында Абылай хан атындағы Халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті жанынан ашылған Конфуций институттары.

Қытай тілін оқып-үйрену бүкіл әлемде «сәндік тенденцияға» айналды, саяси дискурста «қытай тілі науқаны» деген түсінік қалыптасты. Бүгінгі күні қытай тілі БҰҰ және ШЫҰ сияқты халықаралық ұйымдардың негізгі жұмыс тілі ғана емес, сонымен қатар ол Оңтүстік-Шығыс Азия аймағында ағылшын тілімен бәсекелестікке түсетін жағдайға жетіп отыр (10).

Қазіргі кезде әлемде болып жатқан үрдістерге байланысты Қытайдың сыртқы саясатындағы лингвистикалық фактор жаңа формаға өте бастады. Бұл Қытай үкіметінің 2013 жылы қолға алған «Бір жол – бір белдеу» стратегиясымен тікелей байланысты болып отыр. Осы стратегияға сәйкес «Қытайдың жақын елдерге бағытталған сыртқы саясаты жан-жақты дамыған, кемел кезеңге аяқ басты, тиісінше тілдік стратегияның маңыздылығы да арта түсті. Айналадағы көрші елдердің тілін оқып-үйретуді қолға алу мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін өте өзекті болып отыр» (7).

Осылайша, Қытай жақын орналасқан елдермен арада тілдік байланысты дамытуды көздеп отыр. Оның ішінде Ресей, Монғол, Қазақстан, Қырғыз Республикасы, Оңтүстік Корея, Жапония, Филиппин, Малайзия, Бруней, Индонезия, Сингапур, Солтүстік Корея, Вьетнам, Өзбекістан, Түркіменістан, Түркия, Иран, Бангладеш, Шри-Ланка, Таиланд, Камбоджа, Тәжікістан, Ауғаністан, Пакістан, Индия, Непал, Бутан, Бирма және Лаос сияқты 29 ел бар (7).

Қытай аталған мемлекеттермен арадағы қарым-қатынаста тек қана қытай тілі мен мәдениетін экспорттауды ғана көздеп отырған жоқ,

сонымен қатар осы елдердің тілін өз ішінде оқытуды да қолға алмақшы. Осыған орай, 2013 жылдың қараша айында үкіметтің қолдауымен Пекин тілдер және мәдениет университетінің базасында, айналадағы жақын орналасқан мемлекеттердің тілі мен мәдениетін зертеуге арналған координациялық-инновациялық орталық құрылды (14). Құрылған орталықтың міндеттеріне мемлекеттің сыртқы тілдік стратегиясына бағыт-бағдар беріп отыру, лингвистика саласындағы менеджер-мамандарды, маңызды деген тілдерді меңгеретін және зерттейтін дарындарды дайындау, сол тілдерде интернет-ресурстар жасап шығу, сонымен қатар Қытайда шет тілдерін оқыту мен қытай тілін шет елдерге таратуды координация жасау кіреді. Мұнан бөлек, осы университетте құрамына тіл білімі саласында мамандар дайындайтын бірнеше мамандандырылған институттар кіретін Лингвистикалық академия құрылды (14).

Бұл ауқымды жобаға басқа да мекемелер мен ұйымдарда жұмыс істейтін көптеген тіл мамандары да қатысады. Атап айтқанда, Қытайдың халықтық азат ету армиясының шет тілдер әскери Институтының, Қытайдың Орталық ұлттар Университетінің, ҚХР қоғамдық ғылымдар Академиясына қарасты этнография және антропология Институты мен Тіл білімі Институтының мамандары тартылады. Дәстүрлі ғылым-білім технологияның дамыған, ең жана үлгілерімен қамтамасыз етіледі. Оның ішінде компьютерлік тілдік технологияларды зерттеумен айналысатын Аньхуйдың iFLYTEK компаниясы қолдау көрсетуге ниет білдіріп отыр. Сонау 1897 жылы құрылып, өзінің филология саласындағы басылымдарымен танымал «Шаньюиньшугуань» баспасы қытайлық лингвист мамандардың көрші мемлекеттердің тілін зерттеуде жеткен жетістіктері мен жаңалықтарын басып, таратуға дайын. Бұл жобаға сырттан шет елдерде жұмыс жасап жатқан Конфуций институттары көмек келеді деп жоспарланып отыр. Соңғы кездері қойылған талап бойынша, бұл институттардың оқытушылары тек қана қытай тілін оқытып қана қоймай, сонымен қатар өздері де қызмет жасап отырған елдердің тілін меңгерулері керек (14).

Қытай мен көрші елдердің тұрғындары арасындағы байланыс пен қарым-қатынастың ауқымының кеңеюі, шекара аймағындағы визасыз сауданың қарқынды дамуы, Жаңа Жібек жолы экономикалық белдеуі жобасы аясында өндіріс орындары мен инфрақұрылымның соғылуы, бірлескен кәсіпорындардың ашылуы көрші елдердің тілін меңгерудің қажеттілігі арттыра

түсетіні даусыз. Қалай болғанда да, «Бір жол – бір белдеу» жобасын ұсынумен қатар, Пекин өзінің лингвистикалық стратегиясына да үлкен өзгерістер енгізе бастағаны айқын.

Қорыта келгенде, қазіргі әлемдегі жаһандану жағдайында лингвистикалық аспект ҚХР сыртқы саясатындағы маңызды факторлардың бі-

рі болып отыр. Қытай үкіметінің ұсынып отырған тілдік саясаты тек қана мемлекеттің ішкі сферасына бағытталып қана қоймай, сонымен қатар басқа мемлекеттермен саяси қарым-қатынас аясында ұзақ мерзімдік сыртқы байланыстарды орнатудағы негізгі тетіктердің біріне айналып отыр.

#### Әдебиеттер

Блинова Н.В. Язык как инструмент внешней политики государства (на примере испанского языка) // Вестник Санкт-Петербургского университета. – 2007. – Сер. 6. Вып. 2.4.1.

Хохлова И. Языковая политика национальных государств и ее развитие в современном мире // Россия и Запад: диалог культур. URL:<http://www.regionalstudies.ru/journal/homejournal/rubric/2012-11-02-22-15-01/286-2013-07-26-10-48-41.html> (дата обращения: 17.12.2016).

Кәріпжанов Ж., Мұқаметханұлы Н. Қытайдың сыртқы саясаты және Қазақстанмен қатынасы (2000-2010 жылдар). – Алматы: Қазақ университеті, 2013, -62-б.

Мэнди Ли. 习近平为何要求仔细阅读孔子 [Электронный ресурс] = Почему Си Цзиньпин велит нам изучать Конфуция // Хайвай-ван. 2013. 29 нояб. URL:<http://cul.sohu.com/20131129/n390995638.shtml> (дата обращения: 28.07.2014).

Цинь Яцин. Теория международных отношений должна развиваться разносторонне / Цинь Яцин// Жэньминь Жибао, 11 февраля, 2015 秦亚青. 国际关系理论亦需多元发展//人民日报

Цинь Яцин. Теория реляционности в международной политике/Цинь Яцин// Мировая политика и экономика. – 2015. – №.2. – С. 6 秦亚青. 国际政治的关系理论//世界经济与政治.

Завьялова О. Лингвистические новации и внешняя политика Китая // Проблемы Дальнего Востока. – 2015. – № 6. – С. 116-119.

Андреева Т.Л., Керн К.Н. Лингвистический аспект как фактор внешней политики КНР в XXI в. // Вестник Томского государственного университета. – 2017. – № 417. – С. 25-29.

Китай назван одной из самых популярных стран среди иностранных студентов // Южный Китай: особый взгляд. URL:<https://www.south-insight.com/node/217713?language=ru> (дата обращения: 17.12.2016).

Сергеева А. Китайский язык как инструмент реализации «китайской мечты» // Российский совет по международным делам. URL: [http://russiancouncil.ru/inner/?id\\_4=2388#top-content](http://russiancouncil.ru/inner/?id_4=2388#top-content) (дата обращения: 10.12.2016).

Председатель КНР Си Цзиньпин провел беседу с немецкими синологами и представителями преподавательского совета и слушателей Института Конфуция // Институт Конфуция, вып. 24, 2014. – С. 5.

Завьялова О.И. Языковая ситуация и языковая политика в КНР // Китай: поиск гармонии. К 75-летию академика М.Л. Титаренко. – М., 2009. – С. 492–499.

Госканцелярия КНР по распространению китайского языка и культуры за рубежом (сокращенно Ханьбань)//URL:<http://www.hanban.edu.cn/>

(Пекинский университет языка и культуры открыл международный Координационный инновационный центр языков и культур окружающих стран) // Образовательный портал. Пекин, 2016 URL: <http://www.teachingchinese.net/?p=2878> (дата обращения: 14.01.2017).

#### References

Blinova N.V. yazyk kak instrument vneshnej politiki gosudarstva (na primere ispanskogo yazyka) // vestnik Sankt-Peterburgskogo universiteta. 2007. Ser.6. Vyp. 2.4.1.

Hohllova I. yazykovaya politika nacionalnyh gosudarstv i ee razvitie v sovremennom mire // Rissiya i Zapad: dialog kultur. URL:<http://www.regionalstudies.ru/journal/homejournal/rubric/2012-11-02-22-15-01/286-2013-07-26-10-48-41.html> (data obrashheniya: 17.12.2016).

Karipzhanov ZH., Mukhamethanuly n. Kytaydyn syrtky sayasaty zhane Kazakhstanmen katynasy (2000-2010 zhyldar). – Almaty: Kazakh Universiteti, 2013, -62-b.

Mendi li. 习近平为何要求仔细阅读孔子 [elektronnyj resurs] = pochemu Si Czinpin velit nam izuchat Konfuciya // xajvaj-van. 2013. 29 noyab. url: <http://cul.sohu.com/20131129/n390995638.shtml> (data obrashheniya: 28.07.2014).

Cin Uacin. Teoriya mezhdunarodnyh otnoshenij dolzhna razvivatsya raznostoronne/Cin Yacin// zhenmin zhibao, 11 fevralya, 2015 秦亚青. 国际关系理论亦需多元发展//人民日报

Cin Yacin. Teoriya relyacionnosti v mezhdunarodnoj politike/Cin Yacin// mirovaya politika i ekonomika. –2015. –№.2. –s.6 秦亚青. 国际政治的关系理论//世界经济与政治.

Zavyalova O. Lingvisticheskie novacii i vneshnyaya politika Kitaya // Problemy dalnego Vostoka. 2015. № 6. s. 116-119.

Andreeva T.L., Kern K.N. Lingvisticheskij aspekt kak faktor vneshnej politiki KNR v xxi v. // Vestnik Tomskogo Gosudarstvennogo Universiteta. 2017. № 417. s. 25-29.

Kitaj nazvan odnoj iz samyh populyarnyh stran sredi inostrannyh studentov // Yuzhnyj Kitaj: osobyj vzglyad. URL: <https://www.south-insight.com/node/217713?language=ru> (data obrashheniya: 17.12.2016).

Sergeeva A. Kitajskij yazyk kak instrument realizacii «kitajskoj mechty» // Rossijskij sovet po mezhdunarodnym delam. URL: [http://russiancouncil.ru/inner/?id\\_4=2388#top-content](http://russiancouncil.ru/inner/?id_4=2388#top-content) (data obrashheniya: 10.12.2016).

Predsedatel KNR Si Czinpin provel besedu s nemeckimi sinologami i predstavatelyami prepodavatel'skogo soveta i slushatelej instituta Konfuciya//Institut Konfuciya, vyp. 24, 2014, s.5.

O.I. Zavyalova. Yazykovaya situaciya i yazykovaya politika v KNR// Kitaj: poisk garmonii. k 75-letiyu akademika M.I. Titarenko. m., 2009. s. 492–499.

Goskancelyariya KNR po rasprostraneniyu kitajskogo yazyka i kultury za rubezhom (sokrashhenno xanban)//url:<http://www.hanban.edu.cn/>

(Pekinskij universitet yazyka i kultury otkryl mezhdunarodnyj Koordinacionnyj innovacionnyj centr yazykov i kultur okruzhayushhix stran) // obrazovatelnyj portal. Pekin, 2016 URL: <http://www.teachingchinese.net/?p=2878> (data obrashheniya: 14.01.2017).